

**Тыйым салынған заттарды мектеп асханасында сатпау,
пайдаланбау мәселесі бойынша жауапты маманның асхана
қызметкеріне түсіндірме жұмыстары жүргізілгені туралы
Анықтама**

Ақтау қаласы

05.09.2025 жыл

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығына 10-қосымша «Жалпы білім беретін мектептерде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары мен «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» туралы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы №ҚР ДСМ-16 бұйрығы және "Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №ҚР ДСМ-302/2020 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2025 жылғы 4 наурыздағы № 16 бұйрығына сәйкес №48 жалпы орта білім беретін мектебінде білім алып отырған жекелеген санаттағы балаларды 2025-2026 оқу жылында мектеп асханасында бір мезгіл тегін тамақпен қамту мақсатында 2025 жылдың 02 қыркүйекте мектепшілік тамақтанудың сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі (бракераждық) комиссия (әрі қарай-комиссия) құрамын, сондай-ақ басқада тиісті мамандарды бекіту, ауыз су режимін ұйымдастыру және мектеп асханасында жекелеген тамақ өнімдерін сатуға тыйым салу туралы мектеп директорының бұйрықтары шығарылып, бекітілді.

Тыйым салынған тамақ өнімдерін мектеп асханасында пайдаланбау туралы мектеп директорының бұйрығы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы №ҚР ДСМ-16 бұйрығымен бекітілген «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларының 5-тарау, 4 параграфтың 177 пунктін басшылыққа ала отырылып шығарылды.

Бұйрыққа сай мектеп асханасының «Асхана бұрышына» тыйым салынған тамақ өнімдерінің тізбесі қазақ және орыс тілінде ілініп, бұйрықпен жекелеген санаттағы білім алушыларды тегін тамақпен қамту жұмысына жауапты тұлға, өнім беруші Суружиу Светлана Лаврентевна таныстырылып, тыйым салынған тамақ өнімдерінің мектеп асханасында сатылмауын қатаң қадағалап бақылау мектеп әкімшілігі мен медициналық қызметкерлері және аспазшыға жүктелді.

Тиісінше 2025 жылдың 4 қыркүйегінде мектептің әлеуметтік педагогі Ж.Тайшова жұмыс кабинетінде асхананы қызмет көрсетін кәсіпкер ЖК "Суружиу" Суружиу Светлана Лаврентевна бұйрықпен таныстырып, аспазшыға жоғарыда аталған Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің бұйрығының 177 пунктінде көрсетілген тыйым салынған тамақ өнімдердің тізімін көрсетіп, таныстыра отырып оқу жылында тізімде көрсетілген тамақ өнімдерін сатуға қатаң тыйым салынатынын қатаң ескертті. Маман аспазшыға сонымен қатар барлық асхана жұмысы, асханадағы қойма, ас және тамақтану блогындағы санитарлық тазалық оқу жылы бойы үздіксіз комиссия құрамымен үздіксіз тексерісте болатынын, тыйым салынған тамақ өнімдері асханада сатылған жағдайда барлық жауапкершілік өзіне жүктелетін де айтып ескертті.

Мектеп директоры

Әлеуметтік педагог



Р.К.Курмангазиева

Ж.Е.Тайшова